

**Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз
басылымдарын іске асыру үшін стационарлық бөлме туралы**

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 104 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының 2010 жылғы 12 мамырда № 9-17-100 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 ақпандағы № 78 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 19.02.2013 № 78 қаулысымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2-тармағына, "Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспа басылымдарының бөлшек сауда Ережесін бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 21 наурыздағы № 99 қаулысына және эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын іске асыруды реттеу мақсатында Сарыкөл ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын іске асыру үшін стационарлық бөлме Ленин көшесі, 80 мекенжайы бойынша орналасқан "Қазпошта" акционерлік қоғамы бөлімшесінің
ғ и м а р а т ы н д а а н ы қ т а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары
С . М . Д ү т п а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы ол алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ғабдулин

КЕЛІСІЛДІ

"Қазпошта"

акционерлік

қоғамның

Сарыкөл

бөлімшесінің

бастығы

_____ А. Елисеев